Д.Қонаев атындағы № 44 мектеп-гимназиясы

**Мектеп-гимназия оқушыларының тамақтандыру жүйесін тексеру, оқушылардың сапалы тамақтандырылуын бақылау, мониторингілеу және одан әрі жетілдіру мақсатында бракераж комиссиясының 2024-2025 оқу жылына асхана дайындығын қадағалау отырысының**

**№3 хаттамасы**

Тексерілген күні: 15.10.2024 жыл
Комиссия құрамы:
Комиссия төрайымы: Б.С.Тлекенова – мектеп-гимназия директоры
Комиссия мүшелері:
ДТІЖО- Қ.Х.Темирбаева
Ата-аналар комитетінің төрағасы –Б.Б.Мусагалиев
Қамқоршылық кеңес мүшесі: А.Серікқалиқызы
Әлеуметтік педагог- Н.С.Бисембаева
Мектеп медбикесі - Б.Р Джуматова
Асхана меңгерушісі – Л.С.Крайнова

Бракераж комиссиясының жылдық жоспарына сәйкес 2024 ж. 15 қазан күні мектеп асханасының жұмысын, оқушыларды тамақтандыру жүйесін, күнделікті ас мәзірінің перспективалық ас мәзіріне сәйкестігін, асхананың тазалығын, құрал-жабдықтардың дайындығын, тамақ өнімдерінің жеткізілуін, ыдыстардың, асхана аспаптарының, жиһаздардың жай-күйін, жеткіліктілігін, тағамдарды дайындау орындарының тазалығын бақылау мақсатында тексеру жүргізілді.

Бракераж комиссиясының тексеру жүргізген күні, яғни 15 қазан күні күнделікті ас мәзірі перспективалық ас мәзіріне сай екені анықталды. Күнделікті ас мәзірі бойынша дайын тағамның сапасын медбике тексеріп, мектеп директорымен бекітілген.

1-4 сынып оқушыларына арналған ас мәзірінде:

| № | Тағам атауы | Сыныптар | Тағамның шығымы, г |
|---|---|---|---|
| 1 | Тауық етінен палау | 1-4 сынып | 175 |
| 2 | Дәруменді салат | 1-4 сынып | 80 |
| 3 | Қара бидай наны | 1-4 сынып | 20 |
| 4 | Тәтті шай | 1-4 сынып | 200 |

Жекелеген санаттағы оқушыларға арналған ас мәзірінде:

| № | Тағам атауы | 6-10 жас | 11-14 жас | 15-18 жас |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Тауық етінен палау | 150/200 | 150/200 | 150/200 |
| 2 | Дәруменді салат | 60/100 | 100/150 | 100/150 |
| 3 | Қара бидай наны | 20 | 35 | 40 |
| 4 | Тәтті шай | 200 | 200 | 200 |

Асханада жұмыс кестесі сақталған, 1-4 сынып оқушылары тамақтану кестесі бойынша келіп тамақтанды. Дайын өнімнің сапасына бақылау жүргізілді, тағамдар талапқа сай дайындалған, дәмі жақсы, үйлестіру желісі талапқа сай, асханалық аспаптар дұрыс сақталуда, кассеталар бар, қасықтар, шанышқылар жоғары қаратылып сақталуда. Дайындаған сәттен бастап тамақты беру ұзақтығы 3-4 минут. Асхананың жалпы залындағы әр үстелде 6 орын, соған сәйкес 6 оқушыға тағамдар жеке-жеке қойылған, кисель бокалға құйылып берілді. Дайын тамақты оқушылар жақсы ішті. Сонымен қатар пайдаланған ыдыстар тексерілді, сынық, жарылған ыдыстар жоқ. Тыйым салынған тағамдар жоқ. Буфеттік өнімдер прайсы бар, бекітілген. Асханадағы тағам дайындау орындары, тәуліктік сынамалар, тоңазатқыш, қоймалар, шкафтар, стеллаждар, ыдыс жуу орындары тексерілді, барлығы талапқа сай екені анықталды. Асхананың санитаралық жағдайы жақсы, таза, ауа желдетілген.

Сонымен қатар, күнделікті ас мәзірі, дайын тағам фотолары «Күнделік kz» сайтына күнбе-күн салынады, яғни ата-аналар оқушылардың асханадағы тамақтануы туралы хабардар болып отыратыны айтылды.









Мектеп-гимназия директоры: Б.С.Тлекенова
ДТІЖО: Қ.Х.Темирбаева
Ата-аналар комитетінің төрағасы: Б.Б.Мусагалиев
Қамқоршылық кеңес мүшесі: А.Серікқалиқызы
Әлеуметтік педагог: Н.С.Бисембаева
Мектеп медбикесі: Б.Р Джуматова
Асхана меңгерушісі: Л.С.Крайнова